

Қазығұрт ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды және (немесе) маршруттарды айқындау туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 267 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қазанда № 5862 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 наурыздағы № 60 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 11.03.2022 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазығұрт ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар және (немесе) маршруттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 383 "Қазығұрт ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4285 тіркелген, 2017 жылғы 15 желтоқсанда "Қазығұрт тынысы" газетінде және 2017 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ш. Нұрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Калымбетов

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ 267 қаулысына қосымша

Қазығұрт ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар және (немесе) маршруттар

Р/с	Ауыл округінің атауы	Орналасатын орны
1	Қазығұрт	Қазығұрт елді мекені, Қонаев көшесінің бойы, "TS" жанар-жағар май бекетіне қарама-қарсы алаң, Қазығұрт-Қызылқия, Ақжар-Дербісек автомобиль жолының бағыты (КХ-49)
2	Шанақ	Шанақ елді мекені, М.Өтепов көшесінің бойы, Сарыағаш-Жылға-Монтайтас-Рабат-Леңгір автомобиль жолының бағыты (КХ-11)
3	Сарапхана	Сарапхана елді мекені, "Сарапхана-Жаңабазар-1 мамыр" автомобиль жолының бойында Қазығұрт аудандық білім бөлімінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарама-қарсы алаң, Сарапхана-Жаңабазар-1 мамыр автомобиль жолының бағыты (КХ-29)
4	Қарабау	Сынтас елді мекені, Бәйдібек көшесі № 1, "Қарабау ЭТШ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаны, Шарбұлақ-Қарабау-Сынтас автомобиль жолының бағыты (КХ-88)

5	Шарбұлақ	Шарбұлақ елді мекені, "Сапа-2002" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарама-қарсы алаң, Қазығұрт-Тұрбат-Өндіріс автомобиль жолының бағыты (КХ-48)
6	Алтынтөбе	Қаржан елді мекені, Ж.Жұматаев және Келес көшелерінің қиылысы, Сынтас-Қаржан автомобиль жолының бағыты (КХ-47)
7	Сабыр Рақымов	Көкібел елді мекені, А.Құралов көшесі №74 үйдің жаны, Жігерген-Көкібел автомобиль жолының бағыты (КХ-44)
8	Тұрбат	Тұрбат елді мекені, Бейбітшілік көшесі бойы, Қазығұрт-Тұрбат-Өндіріс автомобиль жолының бағыты (КХ-48)
9	Қызылқия	Қызылқия елді мекені, Д.Болыс көшесі № 87 а, "Nomad Group RBC" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының алды, Қазығұрт-Қызылқия, Ақжар-Дербісек автомобиль жолының бағыты (КХ-49)
10	Қақпақ	Заңғар елді мекені, "Қақпақ-Қазығұрт" автомобиль жолының бойы, Айнатас-Қақпақ автомобиль жолының бағыты (КХ-45)
11	Жаңабазар	Жаңабазар елді мекені, Р.Абдрайымұлы көшесінің бойы, техникалық жөндеу орталығының жаны, Сарапхана-Жаңабазар-1 мамыр автомобиль жолының бағыты (КХ-29)
12	Жігерген	Жігерген елді мекені, Айнатас-Жаңабазар тас жолы бойы, Жігерген-Көкібел автомобиль жолының бағыты (КХ-44)
13	Қарақозы Әбдәлиев	Рабат елді мекені, "Ақтас-Рабат-Қ.Мәмбетұлы" автомобиль жолының бойы, Атбұлақ аялдмасының жаны, Ақтас-Рабат-Қ.Мәмбетұлы автомобиль жолының бағыты (КХ-84)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК